

**Мәслихаттың 2023 жылғы 14 қарашадағы № 106 "Қамысты ауданы елді мекендерінің және Қамысты ауылының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2026 жылғы 25 ақпандағы № 433 шешімі

Қамысты аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қамысты ауданы елді мекендерінің және Қамысты ауылының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2023 жылғы 14 қарашадағы № 106 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10085 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 3 - қосымшасындағы "Ауыл шетінің Солтүстік-батыс бөлігінен ауылдың Орталық бөлігіне дейін Құдайқұлов, Парковая, Ленин және Школьная көшелерінен (001), ауыл шетінің Батыс бөлігінен ауылдың Орталық бөлігіне дейін Құдайқұлов, Коммунальная, Свердлов, Ленин, Школьная және Гумилев көшелерінен (002), ауылдың Орталық бөлігі Школьная және Гумилев көшелерінен (003 )" жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауыл шетінің Солтүстік-батыс бөлігінен ауылдың Орталық бөлігіне дейін Құдайқұлов, Парковая, Тәуелсіздік және Школьная көшелерінен (001), ауыл шетінің Батыс бөлігінен ауылдың Орталық бөлігіне дейін Құдайқұлов, Коммунальная, Свердлов, Тәуелсіздік, Школьная және Гумилев көшелерінен (002), ауылдың Орталық бөлігі Школьная және Гумилев көшелерінен (003)".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қамысты аудандық мәслихатының төрағасы*

*Н. Искаков*